# МЕНЕДЖМЕНТ – БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ

12.02.2021 0 39

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын жетекші білім және ғылым ордасы. Соның ішінде, Экономика және бизнес жоғары мектебі – жыл сайын «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Инновациялық менеджмент», «Жобаларды басқару», «Экономика», «Маркетинг», «Логистика», «Қаржы», «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша бакалавр, магистр және PhD докторларын даярлап шығаруда.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің, «Менеджмент» кафедрасында Менеджмент мамандығы оқытылады.

Менеджмент ғылым ретінде бізге Батыстан келді және белсенді дамып келеді. Бүгінгі таңда әрбір кәсіпорындарды басқаратын білікті менеджерлер және оларсыз бірде-бір компания сәтті жұмыс жасай алмайды.

*«Менеджмент»* сөзінің өзі ағылшынның *«manage»* сөзінен шыққан, яғни ***басқару*** дегенді білдіреді.

*«Менеджер»* сөзі ағылшын тілінен *басқару* деп аударылады, француз тілінен аударғанда *басқарушы*, неміс тілінен аударғанда *ұйымдастырушы*. Менеджердің міндеттеріне:

АҚШАМ-АҚПАРАТ

11.02.2021
Ауғанстан соғысы ардагерлеріне арналған сурет көрмесі өтті

09.02.2021
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС БОЙЫНША ОҚЫТУ СЕМИНАРЛАРЫНЫҢ СЕРИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

09.02.2021
Тіл үйренудің керемет тәсілі

05.02.2021
Жаңа оқулық әзірленді

05.02.2021
41 255 ОНЛАЙН ЖАТТЫҒУҒА 150 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ

04.02.2021
«Абай» альбомы жарық көрді

29.01.2021
Алмалы ауданына жаңа әкім тағайындалды

almaty-akshamy.kz/menedzhment-bolasha-ty-mamandy-y/

аударғанда *ұйымдастырушы*. Менеджердің міндеттеріне:

- компанияның жұмысын жақсарту бойынша іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру, бағалау;
- әзірленген бағдарламаларды енгізу;
- тәуекелдерді болжау және оның алдын алу;
- олардың дұрыс орындалуын басқару және бақылау және т.б. жатады.

Аталған осы міндеттердің басты мақсаты – компанияның табыстылығын арттыру.  Яғни, менеджердің негізгі міндеті – оған сеніп тапсырылған адамдар мен компанияның басқада ресурстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдау.

Көріп отырғандарыңыздай, «Менеджер» бұл әмбебаптылықты талап ететін, заманауи  болашақтың мамандығы.

Он бір жыл білім алып, алтын ұядан түлеп ұшқан әр жастың арманы өмірден өз орнын тауып, белгілі бір маман иесі болу. Оқу жылы аяқталар сәтте бітіруші түлектер арасында үлкен таңдау мен талдау жүреді. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған қазіргі әр түлектің таудай мақсаты – жоғары оқу орнына түсіп, ата-анасының үмітін ақтау. Олар үшін алда сынақ тұр. Ұлттық бірыңғай тестілеуден соң, арман жүгін арқалаған әр түлек өзіне қажетті оқу орнын таңдайды.

Бітіруші түлектердің, талапкерлердің назарына еліміздегі ЖОО-дары ішіндегі ең үздік Университет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды ұсынамыз. Сіздерді университетімізге шақырамыз! Мамандық туралы толық ақпаратты https://www.kaznu.kz/ru/10717/page/ сайтынан толығырақ біле аласыздар.

**Гүлмира Ғалымқызы, Досмбек Айдана Жанабекқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес жоғары мектебі,

«Менеджмент» кафедрасының оқытушылары

28.01.2021

**Антониу ГУТЕРРИШ, БҰҰ Бас хатшысы: РЕСЕЙ ВАКЦИНАСЫ ІНДЕТПЕН КҮРЕСТЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРУЫ МҮМКІН**

28.01.2021

**Әдеп жөніндегі кеңестің алғашқы отырыс өтті**

26.01.2021

**Онлайн семинар өткізді**

**Алматы ақшамы. №16. 11 ақпан 2021 жыл**

